


ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

З.Фрейд «Топтық психология және
эго талдау» (жалғасы)





Біз психоанализдің негізін қалаушы ғалым Зигмунд Фрейдтің еңбектерімен танысуды жалғастырамыз. Біздің бұл дәрісіміз Зигмунд Фрейдтің «Топтық психология және эго талдау» атты еңбегін талқылауға арналады. Бұл еңбек психоанализ бен әлеуметтану ғылымдарының түйісінде жазылған. Фрейд бұл кітабында адамдардың қалайша массалар, яғни топтар құратынын және мұны қалай жүзеге асыратынын зерттейді. Бұл еңбектің бірінші бөлімін, нақтырақ айтқанда, «З. Фрейдтің бұл кітабының жарық көруіне кімнің идеялары мен еңбектері әсер етті?» деген сұрақты талқылаймыз. Фрейдтің бұл кітапты жазып жатқан уақытында топтық психология теориясы енді туындап келе жатқан еді. Осыған байланысты Фрейд әлеуметтік психология саласында көптеген проблемалар мен шешілмеген теоретикалық сұрақтарды кезіктірді. Бұл жұмысында Фрейд сол кезеңдегі теоретикалық әдістерді зерттеді, олардың авторлары массаның құралуының түрлі формаларын қарастырды және оларда көрініс тапқан психикалық феномендерді сипаттады. Бұл, нақтырақ айтқанда, Лебон, Зигеле, Мак Дугаллдың еңбектері еді. Осы тұста Фрейдтің көзқарасының, оған дейінгі зерттеушілердің пікірлерінен қандай айырмашылығы бар деген мәселеге баса назар аударамыз.

Негізгі бөлім

Әлеуметтік психологиядағы З. Фрейдтен бұрынғы зерттеушілер: Гюстав Лебон және Мак Дугалдың зерттеулері жайлы мәлімет берейік.

Зигмунд Фрейдтің еңбегі, оның кезеңіндегі масса теориясы туралы ғылымдағы белді зерттеушілерге жүйелік шолу жасау мақсатында жазылған болатын. Ол негізінен Гюстав Лебон мен Мак Дугалдың идеяларына талдау жасады.

Француз психологы, әлеуметтанушы, антрополог Гюстав Лебон алғашқылардың бірі болып, өз зерттеулерінің объектісі ретінде адамдар тобын алған. Ол әлеуметтік психологияны алғашқы құраушылардың бірі. Фрейд Гюстав Лебонның «Масса психологиясы» атты еңбегіндегі көзқарастарынан мысалдар келтіреді. Лебон психологиялық массаға жататын жеке тұлға жағдайын толық суреттеген. «Басты ерекшеліктері – саналы тұлға жоғалады және бейсана тұлға басым бола түседі, жеке тұлға өзінің әрекеттеріне баға бере алмайды, ол өзіне таңылған идеяларды іске асыруға бейім болады. Өздерінің мінез-құлықтары, әлеуметтік дәрежесі, интеллект деңгейі, қызығушылығы, білімі бойынша әртүрлі, бөтен адамдар бір массаға жиналғанда, біртұтас ұжымдық кейіпке енеді. Сол сәтте олар басқаша ойлап, басқаша сезініп, басқаша әрекет ете бастайды», – дейді Лебон.

Фрейд үш сұраққа жауап іздейді: «1) масса деген не?, 2) ол қалайша адамға қатты әсер етеді?, адамды қалай өзгертеді?, 3) массадағы адам нақты қалай өзгереді? Теоретикалық масса психологиясының шешімі осы үш сұрақтың жауабында», – дейді Фрейд.

Алғашқы кезең – бұл әдетте әлеуметтік-психологиялық теорияның пайда болу уақыты саналатын кезең. Мәселен, Г. Лебонның «Масса психологиясы» атты еңбегі. Одан 1920 жылдары әлеуметтік психология, ең алдымен европалық әлеуметтік-психологиялық ойлар шеңберінде дамығанын, тиісінше, соның ерекшеліктерін суреттегенін көреміз.

Гюстав Лебон үшін зерттеудегі басты проблема жеке тұлға мен топ арасындағы өзара байланыс болды. Лебон: «ой-өрісі, білім деңгейі, әлеуметтік дәрежесі, мақсат мүддесі, қызығушылықтары, ақыл-ойы түрлі дәрежедегі адамдар жиналып, бір масса құрғанда, олар бір ортақ идеяға ұмтылған, мақсатқа ұмтылған біртұтас ұжымға айналады», – дейді.

Классикаға айналған «Масса психологиясы» атты еңбегінде Гюстав Лебон адамдар топта өздерінің жеке ерекшеліктерін қалай жоғалтатынын көрсетеді. Олар өздеріне тән емес жаңа қасиеттерді көрсете бастайды. Осылайша олар жалпыға ортақ қасиетке ие болады. Ол адамдардың ірі топтарының, ерік-жігердің дамымағаны және төмен интеллектуалды деңгейіне байланысты, оларды бейсана түйсіктер басқарады деп ойлады. Әсіресе адам топқа кіргенде. Осы сәтте интеллекттің деңгейі төмендейді, жауапкершілік, дербестік, сынаушылық құлдырайды, жеке тұлға жоғалады.

Француз психологы тобырдың іс-әрекетінің қарапайым принциптерін көрсетті. Лебон тобырды құбылыс ретінде сәтті зерттеді – оның қасиеттерін сипаттады, топтың негізгі түрлерін бөлді және осы спецификалық әлеуметтік объектіге тән себеп-салдарлық байланыстарға анализ



жасады. Фрейд Лебонның мына пікірін кеңінен түсінік беретін мысал ретінде келтіріп отыр: «Лебонның пікірінше тобырда адамдардың жекелеген жетістіктері жойылады, нәтижесінде олардың ерекшеліктері жоғалады. Нәсілдік бейсаналық алғы шепке шығады, гетерогенділік гомогендікке сіңісіп кетеді». Гюстав Лебон топтың рухтық бірігуін еліктіру механизмімен түсіндірді. Тобырдың бір мүшесінен екінші мүшесіне инфекциялық вирустың жұғатыны секілді, аффектінің механикалық таралуы туралы ой қозғайды. Мемуарлық әдебиетте мынадай қызықты факті бар. Сталиннің 1920 жылдардағы жеке хатшысы Б.Г. Бажанов өз естеліктерінде Фотивер мен Гляссерге сілтеме жасай отырып, Лебонның «Халықтар мен топтар психологиясы» атты еңбегі Лениннің үстелінен табылатын кітаптардың бірі болғанын атап көрсеткен.

Тобырға жалпыға ортақ сезімдер, көңіл күй және ұмтылыс қамтыған адамдар тобы деп баға бере отырып, Лебон әлеуметтанушы ретінде тобыр психологиясында пайда болатын және оның әр мүшесіне әсер ететін феномендерді көрсетіп берді:

- тобырдың сыртқы иландыруды, сендіруді тез қабылдауы;
- жабайы түйсіктерге бағынуы;
- жеңілместей сезім;
- жауапкершілік сезімінің төмендеуі;
- тобырда күшті сезіну;
- жасырын болу мүмкіндігі, соның нәтижесінде адам алғашқы үндеулерге еркін және жазаланусыз үн қоса алады;
- импульсивті әрекеттерге бейімделгіштік, көшбасшыға бағынуға дайындық;
- өз әрекеттеріне сын көзбен қарай алмау және т.б.

Осылайша тобырдағы адам жабайы, экстремалды эмоциялық және тағылық сезімдер мен толқуларға бейім бола түседі. Фрейд мұны «жабайы орда механизмі» деп атайды.

3. Фрейдтің Лебонды сынауы

Фрейд «тобыр феноменін тек сендіру және еліктірумен түсіндіру бізге ештеңе бермейді» деп санайды. Бізге мұнда, топтан бөлек алынған тұлға маңызды – көсемнің тұлғасы, бұл Идея да болуы мүмкін немесе бұл адам да болуы мүмкін, бұл аса маңызды. Фрейд тобырдың қалыптасуы туралы сөз қозғалғанда, осы тұлғаны есепке алуымыз қажет деп санайды.

Біріншіден, Фрейд тобыр бар жерде топтың жетекшілері де бар деп есептеді. Қандай да бір жағдайды дәл солар жасайды. Топтағы басты идеяны сол топ жетекшілері басқаларды сендіру арқылы шешендік сөздер, қайталау арқылы қалыптастырады. Ал тобырды сана емес, эмоциялар басқарады. Фрейд Лебонды көсемнің тұлғасына аса мән бермегені үшін, көсемнің рөлі болмағаны үшін сынады.

Екіншіден, Фрейд мынадай сұрақтар қояды: «Тобырдағы адам қандай күйде болады? Ол неліктен өзін басқа қырынан көрсетеді?» Бұл сұрақтарға, Лебон былай деп жауап береді – «жаппай, ұжымдық қасиет пайда болып, жеке қасиеттер жойылады».

Ал Фрейд бұл проблемаларды қарастыруға басқа қырынан келеді. Ғалымның ойынша, мәселе жеке тұлғаның тобыр ішінде құлдырауында емес, көсем факторының пайда болуында, яғни ол проблеманы психоаналитикалық тұрғыдан қарастырады. Көсемнің бойында көшбасшының психологиясы көрініс табады.

Зигмунд Фрейд: «Түрлі әрекет жасауға бейім масса тек ерекше сыртқы күштен ғана әсер алады. Тобырға, әсер еткісі келген тұлғаның өз мысалдарына ешқандай логикалық баға беруінің қажеті жоқ. Ол тек ерекше көрініс ойлап тауып, соны әсерлеп, қайталай берсе болғаны». Сонымен қатар, «Масса өз дәлелдерінің шындығынан немесе жалғандығынан күмәнданбайды, өз күшін сезінеді. Ол кейде өз көсемдерін тыңдамай кетсе, кейде оларға көзсіз сенеді. Тобыр күшті құрметтейді және мейірімділікті әлсіздік деп танып, оның әсеріне аз бағынады. Ол өз қаһармандарынан күшті, тіпті, кейде зорлықты талап етеді. Тобыр өзін басқарғанды, өзін басып-жаншығанды қалайды. Ол өзінің қожайынынан қорыққанды қалайды», – дейді.



Валерий Моисеевич Лейбин «Психоанализ» деген еңбегінде Фрейд тобыр адам психикасының жұмыс механизмін ашты деп санайды. Ол өзінің Мен идеалынан бас тартады және оны көсемнің бойынан тапқан жаппай идеалмен алмастырады.

Масса көсемі өзінен күш-қуат тарап жатқанын көрсете білуі керек, сонда ол басқа адамдардың қолдауына бірден ие бола кетеді. Тобырда мықты көсемге деген қажеттілік бар. «Қазіргі жағдайда айтсақ, – дейді Лейбин, бұл мәселедегі мысал ретінде Жириновскийді айтуға болады. Ол өзін сенімді адамның рөлінде және сексапильді еркек ретінде көрсетіп жүр және оның бұл әрекеті біршама еркектер мен әйелдердің, бейсаналығының түкпірінен қолдау табуға».

Сондықтан көсем ерекше қасиеттерге ие болуы тиіс және алғы шепте қала беруі үшін алып күш пен либидо еркіндігіндей жағдайын көрсете алуы керек.

Фрейд «Массаны не біріктіруі мүмкін?» деген маңызды сұрақ төңірегінде ойланады. Тез таралу, еліктеу, сендіре білу – яғни гипноз феномені. Көсем тобырды гипноздағандай болады. Фрейд ғылым әзірге бұл процестің негізгі мәнін, гипнозда не болып жатқанын толық түсіндіре алған жоқ дейді.

Ары қарай талқылай келе, ол гипноз бен ғашық болуды қатар қойып, салыстырады. Гипноздалған жағдай, ғашық болу немесе біреуді сүйіп қалуға өте ұқсас – екеуінде де сол объектіні өзіне идеал етіп көру, армандау, не мақсат тұту, сынның болмауы, кемшіліктерді көрмеу, көзсіз сену, жұмсақтық таныту және оған бағыныштылық. Бұдан біз гипноздалған адам да, ғашық болған адам да объект идеалдың орнын басатынын көреміз. Ғашық болған жанда гипноздалған адам сияқты, өз махаббатына көміліп, өзінің ғашығын идеал тұлға ретінде көреді. Масса мен көсемнің арасында да осы құбылыс жүреді. Масса мен көсем эростың күшімен, яғни құштарлық энергиясымен бірігеді.

У. Мак Дугаллдың «Әлеуметтік іс-әрекет теориясы»

Фрейд өзінің еңбегінде анализ жасаған келесі ғалым – бұл Уильям Мак Дугалл. Ол ағылшын ғалымы, психолог. Кең тараған, әйгілі «Әлеуметтік психологияға кіріспе» атты кітабының авторы. Ол психология ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Әлеуметтік психология тәуелсіз ғылыми сала ретінде XIX ғасырдың аяғында қалыптаса бастады. Әйтсе де, әлеуметтік психология түсінігі 1908 жылы У. Мак-Дугалл жұмыстарының негізінде кеңінен қолданыла бастады. Ең алғашқы әлеуметтік психологиялық ойлар философия әлеуметтану, антропология, этнография және тіл тану ғылымдары төңірегінде қалыптасты. Сол кезде мынадай ұғымдар пайда болды: халықтық психология, топ психологиясы, инстинкт, т.б. Жалпыға танымал болған «Әлеуметтік психология» терминін қолданысқа дәл осы Мак Дугалл енгізген. Мак Дугалл адамдардың іс-әрекетін әлеуметтік түйсіктермен, жалпы адамзатқа ортақ сана-сезіммен, тереңдік психологиясымен түсіндірді. Өз кітабында ол адамның әлеуметтік іс-әрекетінің негізгі принциптерін көрсетті. Ол адамзаттың іс-әрекетінің қозғаушы күші иррационалды, түйсікті ниеттер деп атады. Мак Дугалл түйсікті 12 түрге бөлді: ата-ананың түйсігі, ұрпақ жалғастыру түйсігі, тобыр түйсігі, сатып алу түйсігі, жасау түйсігі, агрессивті түйсік пен сотқарлық түйсік және т.б. Мысалы, ол туа бітті агрессивті және сотқарлық түйсік адамдар тобын, қауымдастықтар мен елдерді, бір-бірімен соғысуға итермелейді деп санады. Тобырдың іс-әрекетін ол жабайы түйсікпен түсіндірді. Дегенмен түйсік туралы оның түсініктері нақты емес болғандықтан мамандардың сынына ұшырады. Түйсік теориясына байланысты дискуссиялардың әсерінен «түйсік/инстинкт» сөзі адамға байланысты сирек қолданыла бастады. Оны мынандай түсініктермен: қажеттілік, рефлекс, әуестік және т.б. ауыстырды.

Жиырмасыншы жылдары түйсік теориясын өзгертуге, адам мінез-құлқын биологиялық қажеттілігіне сүйену арқылы түсіндіру концепциясы шықты. Бұл концепция адам мен жануардың жалпы органикалық қажеттіліктері бар, олар мінез-құлқына бірдей әрекет ететінін бекітті. Түйсік және қажеттілік түсініктерін өзара бөліп шығарды, туа біткен түйсік өзгермейтін болып табылады, ал қажеттілік, әсіресе адамда өмір барысында қалыптасады және өзгереді.

Қорыта келгенде, Фрейд пен оған дейінгі зерттеушілердің идеялары көбінесе бір-біріне ұқсас болып келеді. Фрейд өзіне дейінгі ғалымдармен келіседі, олардың сөздерінен кең



мысалдар келтіреді. Мысалы, масса феноменін түсіндіру кезінде ол Гюстав Лебонның көзқарастарының көптеген тұстарымен келіседі.

Дегенмен оның жұмысының өзіне дейінгі зерттеушілер теориясынан едәуір өзгешеліктері де бар. Фрейд өз дәстүрін берік ұстанды. Оның «Топтық психология және эго талдау» атты еңбегі психоанализ бен әлеуметтанудың өзара тоғысқан жерінде жазылған. Ол топтың іс-әрекетіне анализ жасау кезінде оның либидомен байланысын іздеді. Еске салайық, ЛИБИДО – психоанализдің Фрейд жасаған негізгі түсініктерінің бірі. Ол сексуалды құмарлық немесе жыныстық түйсікті білдіреді. Бұл термин сексуалдылықтың түрлі көріністерін сипаттау үшін қолданылды. Фрейд оны «махаббат» сөзінің мағынасына кіретін ұғымдардың барлығына, құмарлық, сүйіспеншілік энергиясы деп түсіндірді: жыныстық махаббат, өзін-өзі жақсы көру, ата-анаға және балаларға, отанға деген махаббат, табиғатқа және қоршаған ортаға сүйіспеншілік, жалпы адамзатты және т.б. жақсы көру.

Массада «Мен» жоқ, осы топқа жататын өзге жеке тұлғалармен салыстыру бар. Көсемнен идеал жасау және махаббат массаның барлық мүшелерін біріктіреді. Олар бір-бірінің осылай ұқсас болуына барынша жағдай жасайды. Осылайша Фрейд бізді массаның либидалық құрылымын түсінуге алып келеді. Ол құрылым, барлығы үшін бір объект, яғни көсем, Мен-идеал болып танылған, адамдар тобы. Осы жеке тұлғалардың әрқайсысы өз көсемінен Мен-идеал жасап алып, бір-бірімен ұқсас болуға тырысады және олардың өзара либидалық байланысына, өзара сүйіспеншілігіне осы негіз болады.

Фрейдтің еңбегінің маңызы сол, ол жеке психикалық құбылысты, әлеуметтік құбылыстармен байланыстарады. Жеке тұлғаның психологиясы – массаның әлеуметтік психологиясы. Масса психологиясы адамды қоғамдық қауымдастықтың мүшесі немесе топтың бір бөлшегі ретінде қарастырады.